

Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті



Бекітемін

М.Өтемісов атындағы БҚУ

Педагогика факультетінің деканы

 Г.А.Ергалиева

« 24 » 12 2021 ж.

**2021- 2022 оқу жылының 1 жарты жылдығындағы**  
**Педагогика және психология кафедрасының кәсіби бағдар беру**  
**жұмысы туралы есебі**

Орал, 2021 ж.



Өңірдегі әлеуметтік-экономикалық жағдайдың өзгеруі, қазіргі демографиялық жағдай, кәсіптік білім беретін оқу орындары арасындағы бәсекелестіктің күшеюі М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің педагогика және психология кафедрасы кәсіптік бағдар беруді, әлеуметтік серіктестермен өзара іс-әрекетті жетілдірудегі басым бағыттарын айқындайды. Кәсіптік бағдар берудегі жұмыс – бұл кафедра қызметіндегі саналы қажеттілік, ПОҚ негізгі ережені қабылдады: лайықты студенттерді қабылдау кезінде университет нарықтық экономикасы бар қоғамда лайықты орын алады.

**2021-2022 оқу жылының қыркүйек айында** кафедраның кәсіби бағдар жұмысының жоспары, облыс, қала мектептеріне кәсіби бағдар беру жұмысының тізімі ПОҚ қатысуымен келісе отырып құрастырылды. Кафедра бойынша кәсіби бағдар беру бойынша ұйымдастырылатын шаралардың формалары мен әдістері анықталып, орындайтын жауапты оқытушылар белгіленді. Кафедраның кәсіби бағдар беру жұмыс жоспары кафедра отырысында және факультеттің оқу-әдістемелік кеңесінде бекітілді.

23.11.2021 ж. М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті педагогика факультеті педагогика және психология кафедрасының оқытушысы Балахмет А.С., М.Маметова атындағы №27 мектеп-лицейінің 11-сынып оқушыларымен, психолог мамаңымен кездесіп, кәсіби бағдар жұмыстарын жүргізді. Кездесу барысында оқытушылар университеттің тарихын, факультеттерін және білім беру бағдарламаларын таныстырып, педагогика және психология кафедрасына қарасты 6B01101 «Педагогика және психология», 6B01801 «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» білім беру бағдарламаларын жан-жақты түсіндірді. Кәсіби бағдар беру барысында кафедрада даярланған бейнероликтер көрсетілді. Абитуриенттерге бакалавриат бағдарламаларынан кейін жалғастыруға болатын магистратура бағдарламалары датаныстырылды, оқу мерзімінің ұзақтығы, академиялық дәрежесі, қызмет ету нысандары жөнінде түсінік жұмыстары жүргізілді. Оқушылар тарапынан қойылған сұрақтар толық қамтылып, кеңестер берілді.

Барлығы қатысқандар: 17 оқушы, соның ішінде таңдау жасағандар:

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті: 2

ББ 6B01101 Педагогика және психология: 1.Малабаева Жазира Алимжанқызы;

2. ББ 6B01402 Дене шынықтыру және спорт Болат Ерасыл;





23 қараша 2021 жылы Вальдорф бағытындағы мектеп гимназиясында кәсіптік бағдар беру кездесуі мектеп басшылығының құттықтау сөздерінен басталды. Педагогика және психология кафедрасының аға оқытушысы, PhD К. М. Сагипов бітіруші сынып оқушыларымен кәсіби бағдар беру сұрақтарын қарастырды. Маңызды аспектілер: университет тарихы және көрнекті тұлғалар; бакалаврларды даярлаудың білім беру бағдарламалары 6B01101 Педагогика және психология және 6B01801 Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану; кәсіби қызмет объектілері және кафедра ПОҚ құрамы, аталған білім беру бағыттарына түсу артықшылықтары (стипендия, гранттар); республика және шет елдер бойынша академиялық ұтқырлық мәселелері қамтылды; 2021 жылғы қабылдау комиссиясының статистикалық деректері бойынша ақпарат ұсынылды; университеттегі студенттердің белсенді қоғамдық өмірінің бағыттары көрсетілді (спартакиадалар, ғылыми зерттеулер, таланттар конкурстары, пәндік олимпиадалар, ректор командасы және т.б.). Оқушылар ақпаратты оң қабылдады, кездесу сұрақтарға жауаптар блогымен аяқталды.

Оқушылардың тарапынан түскен сұрақтарды жалпы төмендегідей жіктеуге болады: мамандықтар бойынша грантқа өту балының мөлшері, ақылы оқудың оқу ақысы, конкурсқа қатысу ерекшеліктері, құжаттарды қабылдау мерзімі мен қажетті құжаттар, шығармашылық емтихандар қалай жүргізілетіні және қай уақытта болатындығын қандай құжаттар тапсыру.

Барлығы: 20 оқушы, соның ішінде таңдау жасағандар:

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті: 4

ББ 6B01101 Педагогика және психология: 1

ББ Музыкалық білім: 1

ББ Дизайн: 1

ББ Информатика: 1

Бұл мәселе заманауи шешімді талап ететінін түсіне отырып, кафедра оқытушылары кездесулер іс-шаралардың басты мақсаты-болашақ студенттерге университет туралы барынша пайдалы және шынайы ақпарат беру. Қойылған сұрақтар оқуға түсу шарттары, оқу бағыттары, жатақханаларда тұрудың шарты, оқу құны, университеттерде қандай білім беру бағдарламалары, оқуға түсу үшін қанша өту баллдары қажет, мемлекеттік гранттар мен олардың саны, құжаттарды тапсыру шарттары мен мерзімдері, қандай жеңілдіктер мен жеңілдіктер ұсынылады-жалпы, талапкерлерге өз таңдауын оңай жасау үшін не қажет екені баяндалды.

2021 жылдың 26 қарашасында кафедра оқытушысы Батырбаева Ж.Б., №19 ЖОББ мектептің 11 сынып тұлғаларымен кездесіп кәсіби бағдар жұмысын жүргізді. Кездесу нәтижесінде 49 оқушының 12 тұлғасы М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетіне оқуға түсуді жоспарлайтынын айтты:

ББ 6B01101 Педагогика және психология

ББ Әлеуметтік педагогика және өзін өзі тану



ББ Мәдени тынығу жұмысы  
ББ Режиссура  
ББ Хореография  
ББ Кітапхана ісі



Кафедра оқытушылары кәсіби бағдар беру және мамандық тандаудағы кеңес беру жұмыстарын әрі қарай жүргізуді жоспарлауда және келесі мәселелерді көздеуде:

- Ата-аналар мен оқушыларға М. Өтемісов атындағы БҚУ тарихы мен жетістіктері туралы толықтай мәлімет алуын қамтамасыз ету;
- Мамандық тандау жөнінде мектеп түлектерінің өзіндік ой - пікірлерін қалыптастыруға ықпал ету;
- Бейне роликтерді және жарнамалық ақпарат мәліметтерін тиімді қолдану;
- мектеп оқушыларының тізімдерін алу, байланыс телефондарын орнату т.б. іс – шараларды жүзеге асыру;

Кафедра меңгерушісі

Н.У. Кулдашева

Жауапты :

Э.К.Абдираимова